

КЕЛІСІЛДІ
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы»
МККК басшысы
С. Дауешова
2026 ж.

БЕКІТІЛДІ
Әлихан Бөкейхан атындағы
BINOM SCHOOL мектеп-
лицейінің директорының м.а.
А. Рахимбекова
«16» 2026 ж.

**«Педагог зерттеуші ретінде: қазіргі білім берудің өзекті мәселелерін
шешудегі табысты тәжірибені тарату»
ғылыми-тәжірибелік конференциясының**

ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1 Бұл ереже Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінің 2022–2027 жылдарындағы даму Бағдарламасы индикаторларына, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК жылдық жұмыс жоспарына сәйкес әзірленген. Ереже мектеп педагогтерінің және білім беру саласының басқа да қатысушыларының қатысуымен ғылыми-тәжірибелік конференциясының (бұдан әрі – Конференция) өткізілу тәртібін анықтайды.

1.2. Конференция педагогтердің зерттеу қызметінің нәтижелерін ұсынуға, кәсіби тәжірибе алмасуға, заманауи білім берудің өзекті мәселелерін талқылауға және жүргізілген зерттеулер бойынша сараптамалық кері байланыс алуға арналған алаң болып табылады. Конференция Action Research және Lesson Study тәсілдері аясындағы табысты тәжірибелерді таратуға бағытталған.

1.3 Конференцияны ұйымдастырушы Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК қолдауымен Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі болып табылады.

1.4 Конференцияның қатысушылары еліміздің жалпы білім беретін мектептерінің өз іс-әрекетін зерттеуде тәжірибесі бар, сондай-ақ өз зерттеулері аясында заманауи мектептердің өзекті мәселелерін шешуде креативті идеяларын ұсынатын педагогтер болып табылады. Сондай-ақ мектептің зерттеу бойынша тренерлері мен білім беру ұйымдарының басшылары қатысуға шақырылады.

1.5 Конференция форматы – офлайн. Конференцияның жұмыс тілі — қазақ, орыс, ағылшын тілдері. Конференцияға қатысу тегін. Конференция деңгейі – республикалық. Конференцияға қатысушылардың барлығына сертификат беріледі.

1.6 Конференция туралы ақпарат <https://bokeikhan.binom.edu.kz/> сайтында жарияланады.

II. КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Конференцияның мақсаты — зерттеу қызметіне қызығушылық танытатын педагогтер мен педагогикалық ұжымдарды біріктіру, сондай-ақ заманауи білім берудің өзекті мәселелерін шешудегі табысты педагогикалық тәжірибені қолдау және тарату.

2.2. Конференция міндеттері:

- педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін ұсыну және талқылау үшін кәсіби алаң құру;
- педагогтердің зерттеу мәдениетін дамыту;
- Action Research және Lesson Study жүргізудегі табысты тәжірибені анықтау және тарату;
- шеберлік сыныптар мен постерлік сессиялар форматында тәжірибе алмасуды қолдау;
- педагогтер мен білім беру ұйымдары арасындағы кәсіби өзара әрекеттестікті және ынтымақтастықты кеңейту.

III. КОНФЕРЕНЦИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ БАҒЫТТАРЫ:

3.1 Конференцияға қатысу үшін келесі бағыттар бойынша Action Research және Lesson Study зерттеулері нәтижелері қабылданады:

1. Функционалдық сауаттылықты дамытудағы зерттеушілік тәсіл: практикалық шешімдер.
2. Білім беру тәжірибесіндегі жасанды интеллект: педагогикалық зерттеулер нәтижелері және енгізу тиімділігі.
3. Бағалау оқу жетістіктерін қалыптастыру құралы ретінде.
4. Әлеуметтік-эмоционалдық оқыту бойынша эмпирикалық зерттеулер: оқу нәтижелеріне және мектептегі әл-ауқатқа әсері.
5. Білім беру нәтижелерін арттыру құралы ретінде пәнаралық ықпалдастық: STEM/STEAM оқытудағы зерттеулер мен тәжірибелер.
6. Сабақты трансформациялау арқылы білім алушылардың 4К дағдыларын дамыту: зерттеулер мен педагогикалық тәжірибелер.

IV. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

- 4.1. Конференцияның ұйымдастыру комитеті өтінімдерді қабылдауды ұйымдастырады, Конференцияны дайындау мен өткізуді үйлестіреді, сондай-ақ секциялық және пленарлық отырыстардың жұмысын қамтамасыз етеді.
- 4.2. Бағыт модераторлары тиісті тақырыптық бағыттар бойынша секциялық отырыстарды өткізуге жауапты.
- 4.3. Жұмыс тобы осы Ереженің және қосымшалардың талаптарына сәйкес өтінімдерді қарастырып, Конференцияның секциялық бөлімі мен постерлік сессиясына қатысу үшін материалдарды іріктеуді жүзеге асырады.

V. ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫН ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Зерттеу бір автор тарапынан да, шығармашылық топ тарапынан да ұсынылуы мүмкін. Топтағы қатысушылар саны 5 адамнан аспауы тиіс.
- 5.2. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері келесі форматтарда ұсынылуы мүмкін:
 - шеберлік сыныбы;
 - постерлік сессия.
- 5.3. Сөйлеу регламенті:
 - шеберлік сыныптары үшін — 30 минутқа дейін;
 - постерлік сессиядағы сөз сөйлеу үшін — 5–7 минут.
- 5.4. Постерлерді рәсімдеу талаптары мен шеберлік сыныптарының мазмұны осы Ережедегі қосымшаларда айқындалады.

VI. КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУ РӘСІМІ

6.1. Конференцияға қатысуға өтінімдер тек электрондық форматта, онлайн-нысанды толтыру арқылы 2026 жылғы 19 сәуірден кешіктірілмей қабылданады.

6.2. Тіркелу үшін қатысушы келесі сілтеме бойынша нысанды толтыруы қажет:

<https://forms.office.com/r/XAXDJsupqL>

6.3. Өтінім беру кезінде қатысушы келесіні көрсетуі қажет:

- зерттеу тақырыбы;
- баяндама форматы: шеберлік сыныбы немесе постерлік сессия;
- тіркеу нысанында көзделген өзге де мәліметтер.

6.4. Өзге тәсілдермен жіберілген өтінімдер қарастырылмайды.

6.5. Конференцияға қатысу үшін ұсынылатын материалдар Конференцияның тақырыптық бағыттарына және таңдалған баяндама форматына қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс (осы Ереженің қосымшаларында көрсетілген).

VII. КОНФЕРЕНЦИЯНЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ, КҮНІ ЖӘНЕ ОРНЫ

7.1. Конференция 2026 жылғы 29 сәуір күні сағат 10:00 мен 15:00 аралығында Нұра ауданы, Шапық Шөкин көш., 5 мекенжайында орналасқан Әлихан Бөкейхан атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейі базасында өткізіледі.

7.2. Конференцияға қатысуға байланысты сұрақтар бойынша келесі телефон нөмірлеріне хабарласуға болады: 8 777 605 4140, 8 747 445 9427, 8 702 822 2295.

7.3 Конференция үш кезеңде өткізіледі:

- бірінші кезең (2026 жылғы 6 сәуір) — Конференция туралы Ережені тарату;
- екінші кезең (2026 жылғы 19 сәуірге дейін) — өтінімдерді қабылдау, қарастыру және қатысуды растау;
- үшінші кезең (2026 жылғы 29 сәуір) — Конференцияны өткізу және қорытындылау.

VIII. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ СЕРТИФИКАТТАУ

8.1. Конференцияға қатысу қорытындысы бойынша сертификаттардың екі түрі беріледі:

- қатысушы сертификаты — тіркелген қатысушыларға;
- спикер сертификаты (тәжірибені жинақтау) — шеберлік сыныбы немесе постерлік сессия форматында сөз сөйлеген Конференция спикерлеріне.

8.2. Сертификаттар Конференция аяқталғаннан кейін электрондық форматта беріледі.

X. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Конференцияға қатысу қатысушының осы Ереженің талаптарымен келісетінін білдіреді.

9.2. Ұйымдастыру комитеті осы Ереже шеңберінде Конференция бағдарламасын, қатысушыларды бағыттар бойынша бөлуді және өткізуге қатысты ұйымдастырушылық шарттарды нақтылау құқығын өзіне қалдырады.

9.3. Конференция тақырыбына немесе белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін материалдар Ұйымдастыру комитеті тарапынан қабылданбауы мүмкін.

**«Педагог зерттеуші ретінде: қазіргі білім берудің өзекті мәселелерін
шешудегі табысты тәжірибені тарату» республикалық
ғылыми-тәжірибелік конференция
Постерін рәсімдеуге қойылатын талаптар**

Постерде Сіз жүргізген (LESSON STUDY или ACTION RESEARCH) зерттеулерінің аралық қорытындылары көрсетілуі және PowerPoint, Corel Draw бағдарламасын немесес басқа да графикалық бағдарламаларды қолданумен рәсімделуі тиіс. Постердің электронды нұсқасы jpg форматында сақталуы керек және конференцияға дейін 10 күн бұрын ұйымдастырушыларға жіберілуі қажет, конференцияда таныстырылым кезінде постердің қағазға басылған нұсқасы болуы тиіс.

Ауызша таныстырылым 5-7 минуттан аспауы керек.

Постерді ресімдеуге ұсынылады:

- 1) мәтінді сол шек бойынша теңестіру;
- 2) мәтіндік ақпарат постер алаңының 50 пайыздан астам көлемін алмауы тиіс;
- 3) постер безендірілген болуы қажет (графиктер, таблицалар, диаграммалар, инфографикалар);
- 4) постердің түрлі-түсті гаммасы өте жарық болмауы керек және 3 түс қана үйлесім табуы тиіс.

Формат: постердің өлшемі – А1; шрифтің өлшемі – 28 пт.-ден кем емес; титулдік тақырыбы; фонның түсі және мәтін контрастілі болуы қажет.

Постердің құрылымында мынандай бөлімдер болуы тиіс:

- 1) зерттеудің тақырыбы;
- 2) зерттеудің мәселелері;
- 3) зерттеудің мақсаты мен өзектілігі;
- 4) әдістемесі;
- 5) нәтижелер мен оларды талдау;
- 6) тұжырымдамалар;
- 7) пайдаланылған әдебиеттердің тізімі. (постердің кеңістігін үнемдеу үшін дереккөздер тізімін QR-код түрінде ресімдеуге болады).

Ғылыми-тәжірибелік конференцияның шеберлік сыныбына қойылатын талаптар

1. Мақсат қою және нәтижелілік

Шеберлік сыныбының мақсатының нақты тұжырымдалуы, жарияланған тақырыпқа сәйкестігі және қатысушылар үшін өлшенетін білім беру нәтижесінің анықталуы.

2. Өзектілік және маңыздылық

Мазмұнының білім беру жүйесін дамытудың заманауи басымдықтарына сәйкестігі, өзекті педагогикалық, басқарушылық және тәрбиелік міндеттерді шешуге бағытталуы.

3. МЖМБС талаптарына сәйкестігі

Шеберлік сыныбы мазмұнында келесілердің көрініс табуы:

- оқытудағы зерттеу нәтижелерінің жоспарланған көрсеткіштері (пәндік, метапәндік, тұлғалық);
- құзыреттілік тәсіл;
- бағалау мен білім беру үдерісін ұйымдастырудың заманауи талаптары;
- тәрбиелік компонент және білім беру ортасын дамыту.

4. Зерттеушілік негіздеме

Педагогика және білім беру саласындағы заманауи зерттеулерге сүйену, ұсынылған тәсілдердің дәлелділігі, «теория — практика — енгізу» логикасының сақталуы.

5. Практикалық бағыттылық

Қатысушылардың практикалық дағдылары мен біліктерін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар, кейстер, жаттығулардың болуы.

6. Педагогикалық тәжірибені көрсету

Қолданылатын әдістердің тиімділігін нақты мысалдар арқылы көрсету (сабақ үзінділері, кейстер, сценарийлер, іс-әрекет модельдері).

7. Құрылымдылық және өткізу логикасы

Нақты құрылымның болуы: мәселені қою, тәсілді түсіндіру, көрсету, практикалық әрекет, рефлексия, қорытынды.

8. Интерактивтілік және қатысушыларды тарту

Барлық қатысушыларды бірлескен әрекетке тартуға ықпал ететін белсенді өзара әрекет формаларын қолдану.

9. Қолданбалылық және бейімделгіштік

Ұсынылған тәжірибені әртүрлі білім беру жағдайлары мен контексттерде қолдану мүмкіндігі.

10. Әдістемелік қамтамасыз ету

Кейінгі енгізуді қамтамасыз ететін тарапта және әдістемелік материалдардың (алгоритмдер, шаблондар, чек-парақтар, нұсқаулықтар) болуы.

11. Рефлексия және кері байлаыс

Қатысушылардың қызмет нәтижелерін талдауды ұйымдастыру, қиындықтарды анықтау және оларды еңсеру жолдарын белгілеу.

12. Өнімділік және қорытынды нәтиже

Қатысушылар әзірлеген және кәсіби қызметте практикалық қолдануға дайын нақты білім беру өнімінің болуы.